

<https://orcid.org/0000-0002-1984-759X>  
<https://orcid.org/0009-0005-4463-1730>  
e-mail: Sholpan200965@mail.ru  
e-mail: murat93kz@mail.ru

## ҚҰРАНДЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАУДА СТИЛИСТИКА ПӘНІНІҢ МАҢЫЗЫ

**Омаров Мұрат Абдулқасымұлы**  
PhD докторант,  
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті  
университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

**Қожабекова Шолпан Базарбековна**  
Филология ғылымдарының кандидаты,  
Абылай хан атындағы Қазақ  
халықаралық қатынастар және әлем  
тілдері университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

### أهمية علم البيان في تفسير القرآن الكريم

**عمروف مراد**  
طالب دكتوراه،  
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك  
ألماتي، كازاخستان

**قوجابيكوفا شولпан**  
دكتورة في علوم الفيلولوجي  
جامعة أبلاي خان الكازاخية للعلاقات الدولية  
واللغات العالمية  
ألماتي، كازاخستان

## SIGNIFICANCE OF STYLISTICS IN QURAN INTERPRETATION

**Omarov Murat Abdulkasymuly**  
PhD Student, Egyptian University of Islamic  
culture Nur-Mubarak  
Kazakhstan, Almaty

**Kozhabekova Sholpan Bazarbekovna**  
Candidate of Philological Sciences  
Abylai Khan Kazakh University of interna-  
tional Relations and World Languages  
Kazakhstan, Almaty

## ВАЖНОСТЬ ПРЕДМЕТА СТИЛИСТИКИ В ИНТЕРПРЕТАЦИИ КОРАНА

**Омаров Мурат Абдулқасымұлы**  
PhD докторант, Египетский университет  
исламской культуры Нур-Мубарак,  
г. Алматы, Казахстан

**Қожабекова Шолпан Базарбековна**  
кандидат филологических наук,  
Казахский университет международных  
отношений и мировых языков имени  
Абылай хана,  
г. Алматы, Казахстан

**Аңдатпа.** Мақалада Құран аяттарының мақсатын дұрыс интерпретациялауда стилистика ілімінің орны баяндалады. Тілдік тұрғыда мұғжизалығымен лингвистика ғалымдарын тамсандырған Құран мәтінінің құндылықтары айшықталады. Ислам дінінің негізгі қайнары – Құран араб тілінде түсіріліп, араб тілінде сақталғандықтан, араб лингвистика заңдылықтарының әсер етуі тиісті құбылыс. Осы себепті исламтанушыларға Құранның нәзік тұсын түсіну үшін стилистика пәнін білудің маңызы дәлелденді. Әсіресе Құран аяттарындағы антропоморфистік, құқықтық үкімдерді түсінуде араб лингвистикалық ерекшеліктерін білу қажет. Араб тіл білімі мен исламтану пәндері тығыз байланысты. Соңғы отыз жыл аясында діни-саяси топтың Құран аяттарын өз мақсаттарына сай интерпретациялап, араб тілін білмейтін қара халықты адастырып, қоғамда діни алауыздық белең алды. Діни бірегейлікті жандандыруға бағытталған ұмтылыстардың аясында қоғамдық талқыға салынған басты мәселелердің бірі Құран мәтіндерін дұрыс түсіндіру күн тәртібіміздің бірінші кезегінде болды. Дәстүрлі діни тағылымдарды қоғамға сіңіру бастамалары қолға алынды. Осы бағытта Құран мақсатын дұрыс түсінуде лингво-семантикалық, риторикалық тұрғыда талданды. Сондай-ақ стилистиканың ташбиһ, мажаз мурсал, истиара, киная категорияларын талдау маңызды екендігі тұжырымдалды. Қазақ тіл білімі мен араб тіл білімінің тілдік көркемдік өрнектері компаративистикалық әдісте қарастырылды.

**Түйін сөздер:** Құран интерпретациясы, араб лингвистикасы, лингво-семантика, риторика, стилистика, тәшбиһ, мәжәз, истиара, киная, исламтану, компаративистикалық әдіс.

**المخلص:** يصف البحث مكانة تدريس الأسلوبية علم البيان في التفسير الصحيح للمقاصد الجوهرية لآيات القرآن الكريم. وسيتم الكشف عن قيم النص القرآني الذي أذهل علماء اللغة بإعجازه اللغوي. وبما أن المصدر للإسلام القرآن وهو منزل ومحفوظ باللغة العربية، فإن تأثير قواعد اللغة العربية أمر طبيعي. ولهذا السبب تبتت أهمية معرفة علم البيان بالنسبة للطلاب لفهم دقائق القرآن. ولا سيما في فهم الأحكام الشرعية في آيات القرآن الكريم ولا بد من معرفة الامتياز اللغوية العربية. وترتبط موضوعات اللغويات العربية والدراسات الإسلامية ارتباطاً وثيقاً. وعلى مدار الأعوام الثلاثين الماضية، قامت الجماعات الدينية والسياسية بتفسير آيات القرآن الكريم بما يتناسب مع أهدافها الخاصة، مما أدى إلى تضليل عامة الناس الذين لا يعرفون اللغة العربية، وحدث انقسام ديني في المجتمع. وفي إطار الجهود المبذولة لإحياء الهوية الدينية، كانت إحدى القضايا الرئيسة المطروحة للنقاش العام هي التفسير الصحيح لنصوص القرآن. وتم اتخاذ مبادرات لإدخال التعاليم الدينية التقليدية إلى المجتمع. وفي هذا الاتجاه تحليل الفهم الصحيح لمقصد القرآن من الناحية اللغوية والبلاغية. وتم استنتاج إلى أهمية تحليل الأنواع علم البيان كالتشبيه والمجاز المرسل والاستعارة والكناية. وبيحث بالطريقة المقارنة في التعبيرات التصويرية اللغوية لعلم اللغة الكلاسيكية والعربية

**الكلمات المفتاحية:** تفسير القرآن الكريم، اللغة العربية، التصويرية اللغوية، البلاغة، البيان، التشبيه، المجاز، الاستعارة، الكناية، الدراسات الإسلامية، الطريقة المقارنة.

**Abstract.** The article describes a role of teaching stylistics in the correct interpretation of noble purposes of the Quran verses. The meaning of the Quran text, which amazed linguists with its linguistic miracle, will be revealed. Since the main source of Islam - Quran - was written and preserved in Arabic, the influence of the rules of the Arabic language is natural. For this reason, the importance of the knowledge of stylistics for Islamic scholars to understand the details of Quran has been proven. Especially to understand the anthropomorphic, legal regulations in the Quran verses, it is necessary to know nuances of the Arabic language. The Arabic linguistics and Islamic studies are interrelated. Over the past thirty years, religious and political groups have

interpreted the Quran verse in accordance with their own goals, misleading ordinary people who do not know the Arabic language, which has led to a division in society. As part of the efforts to revive religious identity, one of the main issues brought up for public discussion was the correct interpretation of the Quran texts. Initiatives were taken to familiarize society with traditional religious teachings. In this direction, the correct understanding of the purpose of the Quran was analyzed from lingo-semantic and rhetorical point of view. The conclusion was also made about the importance of the analysis of stylistic categories such as tashbih, majaz mursal, istiara, kinaya. Linguistic literary manifestations of Kazakh and Arabic linguistics are considered in the comparative perspective.

**Keywords:** Interpretation of the Qur'an, Arabic linguistics, lingo-semantics, rhetoric, stylistics, tashbih, majaz, istiara, kinaya, Islamic studies, comparative method.

**Аннотация.** В статье описывается роль преподавания стилистики в правильном толковании целей аятов Корана, раскрывается значение коранического текста, поразившего учёных-лингвистов своим «лингвистическим чудом». Поскольку основной источник ислама – Коран был написан и сохранился на арабском языке, влияние правил арабского языка является закономерным. По этой причине была доказана важность знания науки стилистики для исламоведов с целью понимания тонкостей Корана. Особенно для понимания антропоморфных, правовых норм в аятах Корана необходимо знать особенности арабского языка. Предметы арабского языкознания и исламоведения взаимосвязаны. За последние тридцать лет религиозные и политические группы интерпретировали аяты Корана в соответствии со своими собственными задачами, вводя в заблуждение масс, не знающих арабского языка, что привело к расколу в обществе. В рамках усилий по возрождению религиозной идентичности одним из главных вопросов, вынесенных на общественное обсуждение, стала правильная интерпретация текстов Корана. Были предприняты инициативы по ознакомлению общества с традиционными религиозными учениями. В этом направлении было проанализировано правильное понимание цели Корана с лингво-семантической и риторической точки зрения. Также сделан вывод о важности анализа стилистических категорий «ташбих», «маджаз мурсал», «истиара, киная». В сравнительном плане рассмотрены лингвистические художественные проявления казахского и арабского языкознаний.

**Ключевые слова:** Интерпретация Корана, арабское лингвистика, лингвосемантика, риторика, стилистика, ташбих, маджаз, истиара, киная, исламоведение, компаративистский метод

## КІРІСПЕ

Адам баласы тіл арқылы қоғамдық-әлеуметтік жүйеде қарым-қатынас орнатып қана қоймайды, сонымен қатар өзінің саналы ғұмырын бағамдап, рухани-эстетикалық сұранысын көркем ойлау жүйесімен сабақтастырады, сөйлеу әрекетін рухани-әлеуметтік дүниетанымының тірегіне айналдырады. Тіл – адамдардың бір-бірімен жасайтын қа-

тынас құралы ғана емес, сонымен қатар эстетикалық құрал, көркем дүние құралы. Себебі адамның көркем ойлау жүйесі, эстетикалық талғамы, әсемдік пен көркемдікке деген құштарлығы оның сөзбен өрілген бейнелі де айшықты суреті, көрнекі де көрікті сөз бейнесі түрінде көрініс табады. Ислам дінінің қайнар көзі Құран мұсылман халықтарының рухани мәдениеті мен жазба әдебиетінің қалыптасуы

мен дамуына ықпалын тигізді. Сондай-ақ ислам мәдениетінің қазақ тіліне әсер еткен ізін қазақ тілінің сөздік құрамындағы араб элементтерінен іздестіру аздық етеді. Құран аяттары қазақтың этникалық мәдениеті контекстінде қарастырылып, лингво-семантика, лингвистика салалары арқылы ғылыми зерттеудің интердисциплинарлық сипаты анықталады.

Құран контекстін өзге тілге аударуда шарғи усулдерді білу жеткіліксіз, лингвистика, семантика, риторика ілімдерін меңгеруі шарт. Себебі Құран өзіндік үйлесімді ырғақтылықты, буын экспрессивтілігін және көркем бейнелеу мағыналарын қамтиды. Араб риторика ғылымы негізгі үш бөліктен тұрады.

А) *Илму әл-мағани*, оның зерттеу арнасы – иснади, хабари, иншай, қаср, фасл, уасл, ижаз, итнаб, мусауат.

Ә) *Илму әл-бадиғ* (поэтика) ғылымы сөз бен сөйлемнің мағыналық-құрылымдық көркемдігін зерттейді. Оның қарастыратын салалары – тибак, муқабала, тәурия, лаф уә нашр, сажғ, жинас және т.б.

Б) *Илму әл-баян* (стилистика) қарастыратын ілімдер – тәшбиһ, мажаз мурсал, истиара, киная. Бұл зерттеу жұмысымызда араб тілі риторикасының әл-илму әл-баян (стилистика) бөлігі зерделенеді.

### Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Ислам мәдениеті мен өркениетінің тарихи бастауы болған Кітапты жан-жақты зерделеу – бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған мәселелердің бірі. Себебі Құран – мұсылман әлемінің канондық кітабы. Араб тіліндегі көркемдегіш-бейнелеу құралдары ерте кезден-ақ тілші-зерттеушілердің назарына іліге бастады. Ислам дінінің өркен жайып, көркеюі араб халқымен және оның тілімен тығыз

байланысты екені белгілі. Қасиетті Құран Кәрім дүниежүзі ғалымдарының еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Лингвист-ғалымдар қасиетті кітаптың тілдік ерекшелігін егжей-тегжейлі зерттеу үшін исламға дейінгі араб тілінің қандай дәрежеде болғанын да қарастыра бастады. Исламға дейінгі араб тілінің құрылымдық, стилистикалық ерекшеліктері Фрейтаган, Альвардт, Мерен және т.б. шетелдік ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Әсіресе «XIX–XX ғасырдағы ғалымдар – Блашер, Перес, Габриэли, Гибб, Крачковский және т.б. үлес қосып, орта ғасырдағы араб поэзиясы тілінің ерекше үлгілерін өз еңбектерінде терең талдады» (Куделин А.Б., 1983: 3-4).

Сондай-ақ отандық зерттеушілер де осы тақырып төңірегінде ізденіп, ой-пікірлерін ортаға салады. PhD доктор Ш.Б. Қожабеков «Қазақ және араб тілдеріндегі поэтикалық сөз-образдар» тақырыбындағы диссертациялық еңбегінде қазақ әдебиетіндегі және араб поэзиясындағы поэтикалық сөз-бейнелеріне салыстырмалы зерттеу жасаған. Сондай-ақ PhD доктор Н. Сайлауұлының «Әз-Заркаши мен әс-Суюти кітаптарында Құран Кәрім ұқсату мәселелері бойынша риторикалық зерттеу» атты магистрлік зерттеуінде Құран аяттарындағы стилистика категориясының тәшбиһ әдісі қарастырылған. Ал PhD доктор Ы. Палтөре «Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы» тақырыбындағы докторлық диссертациясының бір бөлімін «Құран мәтінін түсіндірудегі ислами терминдер мен әдіснамалық бағыттар» деп алып, Құран аяттарын тәпсірлеуде және тауилдеуде семантика ілімінің маңызы төңірегінде ой өрбіткен. Оған қоса PhD доктор Қ. Құрманбаев «Хусам ад-дин әс-Сығанақи еңбектеріндегі

«усул әл-фиқһ» ілімінің лингвистикалық негіздері» докторлық диссертациясында «Құран мен сүннет мәтіндерін түсінудегі семантика тәсілінің маңыздылығы» деп семантикалық бағытқа тақырыпша арнап жалпылама тұжырымдайды. Алайда араб риторикасының Құран мәтіндерін түсінудегі маңыздылығы жеткіліксіз зерттелген.

Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – Құран аяттарын интерпретациялауда стилистика пәнінің маңыздылығын араб лингвистикалық негізде зерттеп, қазақ тіл шешендік өнерімен салыстырмалы талдау жасау.

Ғылыми мақаланың мақсатына сәйкес келесідей міндеттер алға қойылды:

- Ислам дінінің қасиетті кітабы Құрандағы сөз-бейнелердің жасалу механизмдерін айқын-дау;

- Араб тілінің шешендігі мен сұлулығын, өткірлігі мен терең мағыналылығын қасиетті кітап Құран сөз-бейнелер арқылы түсіндіру;

- Құран аяттарын лингво-семантикалық, контекстуалды және стилистикалық талдау-лармен түсіндіру;

- Араб риторикасы мен қазақ шешендік өнерінің арасындағы тіларалық ұқсастық категориялар қатынасын айқындау.

#### Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақалада Құран аяттары негізге алынып, ондағы бейнелі, айшықты және көрікті сөз бейнелері зерттелді. Араб лингвистикалық әдіс-тәсілдердің бірнеше түрі пайдаланылды. Негізгі ташбиһ, мажаз мурсал, метафора, метонимия әдістері қолданылды. Араб лингвистикалық әдістерін қазақ шешендік өнер әдістерімен салыстырмалы балама аударма жұмыстары жасалды.

#### Негізгі бөлім

Рухани-адамгершілік құндылықтардың қайнар көзі болған Құран Кәрімнің маңызды сипаттамаларының бірі – айқындық. Қасиетті Құран бес аятта айқын жазба деп аталады, ал тағы екі жерде оның «Ашық араб тілінде» жіберілгені баса айтылады. Мұхаммед пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) дәуірінде Құран аяттарының жалпы мағынасы сахабаларға түсінікті болды. Біріншіден, ««Саған адам-дар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп Құранды түсірдік» аятына сай, Алла елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына мағыналы мәтіндерді сөзімен де, ісімен де түсіндіру міндетін қалтқысыз атқарды» (Құрманбаев Қ., 2018: 108). Екіншіден, ана тілін жақсы меңгерген және араб поэзиясымен, ежелгі халықтар туралы аңыздармен таныс болған. Олар үшін Құранның жазба стилі кемелдік пен шешендіктің шыңырау шыңы болды.

Сахабалардан кейін келген мұсылман ғалымдары мен ислам дінін ұстанушыларға Құран мазмұнын түсінуде грамматикалық, тәпсір, құқықтық ғылымдарды білу жеткіліксіз. Мусхаф араб классикалық тілінің негізі болғандықтан, араб лингво-семантикасы, риторикасы, лексикографиясы және т.б. салалары осы Құраннан бастау алады. Сондықтан ғалымдар тәпсіршілерге, хадис, құқық, ақида ілімдерінен басқа араб лингво-семантикасына, риторикасына қатысты бірқатар ғылымды білуін шарт етті. Яғни діни мәтіндердің асылындағы мағынасын түсіну үшін лингвистикалық әдіс-тәсілдерге жүгіну қажет. Егер сіз кез келген аяттағы бір сөздің орнына синонимдік сөзді қойсаңыз, бір-бірінен мағыналық реңктері ерекшеленеді. Екінші жағынан, таңдалған сөздің экспрес-

сивтілігі оның әуезділігімен де, өзара байланысқан түбір сөздердің семантикасымен де, үйлесімділігімен де екі түрлі болады. Осы себепті бүкіл араб тілінде бұл аят үшін бұдан жақсы болған басқа сөз таба алмайсыз.

Ең жарқын және есте қаларлықтай әсер, әдетте бір сөздің мағынасын екінші сөзге ауыстыру нәтижесінде пайда болады. Бейнелі мағынада қолданылатын және заттар мен құбылыстар туралы бейнелі идеяларды құратын сөздер немесе сөз тіркестерін араб лингвистикасында баян деп атайды. Ол сөйлеудің көрнектілігі мен экспрессивтілігін арттыру үшін әрі оған түс пен эмоциялық реңк беру үшін қолданылады. Әртүрлі аяттар контексіндегі сөздердің мағынасын зерттеу олардың семантикасы мен морфологиясының өзара байланысын ашады. Құранда келген баян (стилистикалық) мәніндегі аяттарды араб лингвистик ғалымдары зерттеді. Әл-Фарраның «Мағани әл-Құран» және Әбу Убайда Муаммар ибн әл-Мусаннаның «*Мәжәз әл-Құран*» еңбектерінде алғаш рет бейне, المجاز (астарлы мағына) туралы сөз қозғалып, сонымен қатар التشبيه (теңеу), الاستعارة (метафора), الكناية (метонимия) түрлеріне де нұсқаулар берді (Әбу Убайда:1984 788). Сондай-ақ лингвист-ғалымдар қасиетті кітаптың тілдік ерекшелігін терең зерттеу үшін исламға дейінгі араб тілінің қандай дәрежеде болғанын да қарастыра бастады. Әбу Осман Әмір ибн Бахр әл-Жәһиз араб риторикасын зерттеуге орасан зор үлес қосты. Ол VIII ғасырда төрт томдық «әл-Бәйан уә әт-Тәбиин» деген еңбегін жарыққа шығарды (Қожабекова Ш.Б., 2009: 133). Бұл аталмыш кітапта өзіне дейінгі араб, парсы, грек, үнді ғалымдарының, әсіресе Бәшар ибн әл-Мутамардың, әл-Фарраның риторика іліміне қатысты жазылған зерттеулері мен

ескертпелерін жинақтап берді. Соның ішінде өлең, қара сөздің аббаси мәдениетінің әсерінен дамығаны жайлы пікірі де бар.

Дегенмен де араб ғалымдары Құран аяттарының иғжаз екендігіне IV-V ғасырларда терең кіре бастады. Араб риторика (бәләға) ғылымы пайда болды. Риторика ғылымын терең зерттеу арқылы қазіргі кезеңде стилистика (баян), поэтика (бадиг), мағыналар туралы ғылым (илму мағани) атты үлкен үш салаға бөлді. Риторика ғылымының зерттелуі мына себептерге байланысты кең етек ала бастады. Арабтардың мәдениетке бет бұрып, қалалар мен басып алған елдерге барып тұруы және әртүрлі діндер арасындағы қарама-қайшылықтары. Осы салдардың барлығы жиналып, сын және түсініктеме, ескертпелердің көбеюі сол кезеңдегі ақындар өлеңдерінде кездесіп жатады. Ортағасырлық араб ғалымдарының еңбектерінде тіл иесі халықтың көркемдік таным әлемін танытатын поэтикалық образ жасаушы семантикалық амал-тәсілдер, метафора, метонимия, теңеу, т.б. риториканың түрлері, стильдік фигуралар сөз өнерімен біртұтастықта қарастырылады (Омаров М.А., 2020: 16). Ал Құран прозалық та поэзиялық та шығарма емес, ол – күллі көркем туындылардың рухани түп негізі. Лингвистер араб әдебиетін проза, поэзия және Құран деп үшке бөліп қарастырады. Себебі Құран шешендіктің шыңырау шыңы болған. Көп акын Құран секілді бір туынды жазуға ұмтылғанымен, еш нәтиже шығара алмады. Осынша дәрежеге жеткізген Құран лингвистикасының қандай қасиеті бар деген сұрақ төңірегінде көптеген зерттеуші айналысып, Құранның өзінің мақсатын, діттеген ниетін жеткізерде адамдарды баурап алатын тілдік бейнені керемет пайдаланғандығын айтады. Құрандағы сөз

бейнесінің адам жанына әсерін, идеялық ұғымдарды адамның көз алдына әкеліп, сезіне алатын дүниеге айналдыра алатын керемет мұғжизалығын ашты. Біз оларды келесідей мысалдармен түсіндіруге тырысамыз.

**Тәшбиһ** (теңеу) – жасырын салыстыруды қамтитын объектінің немесе құбылыстың бейнелі сипаттамасы. Риториканың бұл түрі тақырыптың басқа ерекшелігін баса көрсетеді, тыңдаушыға жарқын әсер қалдыратын бейнеде жасайды. Өл-Асқари: «Тәшбиһ – адам ақылындағы, ой-санасындағы қандай да бір заттың, (құбылыстың, іс-әрекеттің) бейнесін көз алдына келтіру, елестету», – дей келе, теңеудің көркемдігі мен ғажайыптылығы (тартымдылығы), сонымен қатар теңеудің кемістігі (теңелетін предметтен образдың алшақтығы) туралы айтады (Омаров М.А., 2022: 17). Сайд Құтб «әт-Тасюир әл-фәнни фи әл-Құран» атты еңбегінде: «Сөз арқылы нақышталған поэтикалық көркем бейнелер Құрандағы ең таңдаулы ойды жеткізуші құрал», – деп көрсетеді. «Образ – Құранның ең таңдаулы тәсілі, ол – сөздің мағынасын ашудағы бірінші негіз және ол барлық мақсат үшін беріледі» (Қожабекова Ш.Б., 2009: 76), – дейді Сайд Құтб қорытынды сөзінде.

**Құрандағы тәшбиһ.** Тәшбиһтің категориясын ғана алсақ, онда, біріншіден, тәшбиһтің шегі, оның түрлері, жасалу жолы тілге тиек етіліп, «бірден білмейтін нәрсені білетін нәрсемен елестету, әлсіз құбылысты күшті құбылыспен шығару, теңеу, оймен, ақылмен түсінетін нәрсені көзбен көру» деп беріледі. Тәшбиһте тура мағына (бейне) мен астарлы мағына (предмет) арасында ұқсастық болады. Мұсылмандарды өздеріне дейін өмір сүрген, өзге үмбеттің жіберген қателіктерін жібермеу үшін олардың қателіктерін мы-

сал ретінде келтіріп отырған. Мәселен, ﴿مَثَلُ الَّذِينَ خُمِلُوا الثَّورَةَ ثُمَّ لَمْ يَحْمِلُوهَا كَمَثَلِ الْإِنَّمَاءِ﴾ [Тәурат жүктеліп, кейін оны тиісінше игере алмағандардың мысалы том-том кітап арқалаған есектің мысалындай]. Мұнда ортақ белгі әртүрлі нәрседен алынған, яғни олардың Тәураттан пайда алмауының мысалы есектің арқасына үлкен кітапты жүк етіп артып, одан тек шаршап-шалдыққанын білдіреді (Сабуни, 2018: 359).

Төмендегі аятта адамдар арасында кездесетін жаман қасиеттер көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын деректі бейнеге айналады:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اجْتَنِبُوا كَثِيرًا مِّنَ الظَّنِّ إِنَّ بَعْضَ الظَّنِّ إِثْمٌ وَلَا تَجَسَّسُوا وَلَا يَغْتَبَ بَعْضُكُم بَعْضًا أَتُحِبُّونَ أَن يَأْكُلَ لَحْمَ أَخِيهِ مَيْتًا فَكَرِهْتُمُوهُ وَاتَّقُوا اللَّهَ إِنَّ اللَّهَ تَوَّابٌ رَّحِيمٌ﴾ [الحجرات: ٢١]

«Әй, иман келтіргендер! Күмәннің көбінен сақтаныңдар. Өйткені күмәннің кейбірі – күнә. Біреудің сырын білуге құштарланбаңдар, біреуді біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген бауырының етін жеуді жақсы көреді ме?! Әрине, оны жек көресіңдер. Расында, Алла – тәубені тым қабыл етуші, ерекше мейірімді». Бұл аятта Алла ғайбаттың соншалықты пасық іс екенін, қоғамды бұзатын, адамдар арасында қастандықты, көре алмаушылықты тудыратын, талай бәленің басы екендігін, дені таза адамның барлығы жиіркенсе, шошына қабыл алатын бір жаман жағдаймен теңестіріп отыр. Ол – өз бауырының етін ол өлгеннен кейін жеу. Кез келген адамның бұл жағдайдан, осы мысалдан денесі шошынатыны белгілі.

Жақсы сөз бен жаман сөз көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын заттарға теңеліп, Құрандағы мағынауи нәрселер көз алдымызға көркем бейнеде келеді.

﴿أَلَمْ تَرَ كَيْفَ ضَرَبَ اللَّهُ مَثَلًا كَلِمَةً طَيِّبَةً كَشَجَرَةٍ طَيِّبَةٍ أَصْلُهَا ثَابِتٌ وَفَرْعُهَا فِي السَّمَاءِ﴾ [إبراهيم: ٤٢] «(Мұхаммед) көрмейсің бе?! Көркем сөз тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді. Ол (ағаш) Алланың бұйрығынша әр уақыт жемісін береді. Алла адам баласына насихат алу үшін мысал келтірді. Ал енді жаман сөз, жердің бетінен қопарылған орныксыз ағаш сияқты».

Сөздің адам тағдырына, көңіл күйіне, жан дүниесіне әсерін ерен бағалаған қазақ халқы «жақсы сөз – жарым ырыс» деп тегін айтпаған. Егер қазақ тілінде жақсы сөз адамға Тәңірі берген ырыс-құттың жарымына теңелетін болса, Құран аяты жақсы сөзді тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағашқа теңейді. Ағаш қазақ тілінде де көптеген образ ретінде тірек сөзге айналған. *Ағаштай боп қатып сіресу, айқасып өскен шор ағаштай, тамырын кең жайған бәйтеректей (мықты) құлау, қарағайдай құйған тұлға, т.б.* (Қожабекова Ш.Б., 2009: 77).

**Мәжәз** (синекдоха) деп сөздің астарлы мағынасын айтады. Оның антонимі – хакики мағына (тура мағына). Ақиқат дегеніміз – тілдік негізде оған берілген мағынаның өзін қолдану. Мысалы, «теңіз» сөзінің ақиқаты – мұхиттың құрлыққа сұғына кіріп орналасқан жағалауы, тұзды су. «Теңіз» сөзінің астарлы мағынасы (мәжәз) сөйлемдегі негізгі мағынаға тосқауыл болушы қаринамен жүзеге асады. «Теңіз адам» ақ теңіздің ақиқатын емес, адамның ғалым екенін астарлы мағынамен тұспалдап тұр. **Абдулқаһир әл-Журжани** (*Алла оны рақымына алсын*): «**Бірінші сөз бен екінші сөз арасын бақылай отырып, қолданушының оны өз орнына пайдаланбауын қалаған барлық сөз мәжәзға жатады**», – деген пікір білдіреді (Абдулэзиз Атик, 1985: 139 б.).

**Құрандағы мәжәз мурсал.** Мәжәз тәсілі – белгілі бір мағынаны анықтап, естушіге әсерлі ететіндей, табиғи түрде жеткізетін ең көркем баяндау жолдарының бірі. Мәжәз мурсалда тура мағына мен астарлы мағына арасында ешқандай ұқсастық болмайды. Алайда тура мағынаны түсінуден тыятын кедергі (қарина) болады. Мысалы, ﴿وَإِنِّي كُلَّمَا دَعَوْتُهُمْ لِتَغْفِرَ لَهُمْ جَعَلُوا أَصَابِعَهُمْ فِي آذَانِهِمْ وَاسْتَغْشَوْا ثِيَابَهُمْ وَأَصْرَوْا وَاسْتَكْبَرُوا اسْتِكْبَارًا﴾ [نوح: 7] «Расында, мен оларды Сенің жарылқауың үшін шақырған сайын олар саусақтарын құлағына тығып, киімдерін бүркенген бойда қасарысып, паңданған сайын паңданды». Байқағанымыздай, аятта «саусақтарын» («أَصَابِعَهُمْ») деп келгенімен, негізі олардың саусақ ұштарымен құлағын бітегені мәлім. «Саусақтарын» деп келу себебі – Нұх пайғамбардың (*Алланың оған сәлемі болсын*) иманға шақырғанына олардың қаншалықты құлақ асқысы келмегенін баяндауда. Бірақ аятта саусақтар түгел айтылғанымен, оның бір бөлігі – ұштары көзделген. Сондықтан бұл «العلاقة الكلية» толық байланысы бар мәжәз мурсал болады.

Бір нәрсенің салдарын айтып, себепті мақсат етуі. Мысалы, ﴿وَيُنَزِّلُ لَكُمْ مِنَ السَّمَاءِ رِزْقًا﴾ [غافر: 31] «**Тағы сендерге көктен несібе түсіреді**». Осы аятта Алла тағала «ризык» («رِزْقًا») сөзін «жаңбырдың» орнына қолданып отыр. Себебі ризық жаңбырдың салдарынан болады. Ал жаңбыр сол ризықтың келуіне себеп болады. Яғни жаңбыр арқылы несібе келетіндіктен, мұны мусәббәбия байланысы бар мәжәз мурсал деп атаймыз. Ал игі істер мен құбылыстың баршасы табиғат пен адамды молшылыққа, тоқшылыққа бөлейді деген мағынаны беретін қақтың «Жаңбыр жауса, жер тоқ; егін ексе, ел тоқ; бұлақ ақса, көл тоқ» деген мақалы араб тілінде жоғарыда талданған аяттың ауыспалы

мағынасымен орайлас келеді.

Мысалы, [2: النساء: 2] «وَأَتُوا اليتامى أموالَهُمْ» **«Жетімдердің мал-мүлкін беріңдер»**. Түсіндірмесі: Алла Тағала кішкентай кезінде жетім болған, ал қазір кәмелетке толып, оң-солын таныған жастарға малын беруді бұйырады. Мұндағы «жетімдер» сөзі өткенді есепке алып, ержеткендерге айтылып тұр. Демек, бұл – өткенді ескеру мәжәз мұрасы.

Қазақ ақындарының өлең жолдарында да метафораның жоғарыдағы түрі қолданылғанын байқаймыз. Мәселен, Жанақ ақынның өлеңінде:

Ал қолыма тидің бе, қарағайым,

Қарағайсыз керекке жарамаймын,  
– деп берілген.

Өлең жолындағы қарағай – домбыра. Ал домбыра қарағайдан жасалған (Мәдібаева Қ.Қ., 2013: 166)

Истиара (метафора) – көркем әдебиетке ғана тән құбылыс емес, сөйлеу мәдениетіміздің көне тарихымен қатар қалыптасқан, образды ойымыздың дамуынан көрініс беретін маңызды элемент (Хасанов Б., 1966: 190). Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңдылығы жатыр. Риторика ғалымдарының бұл сөзді термин ретінде қолдану себебі – негізгі мағына мен қолданыстағы мағына арасындағы ұқсастыққа байланысты бір сөздің орнына басқа бір сөздің айтылуы. Қолданылған қарина (قرينة) ол сөздің ақиқат мағынада еместігін меңзеп тұрады. Метафораның атқаратын қызметі – өзара ұқсастығы бар екі затты біріктіру. Араб лингвисті ибн әл-Әсир «Ауыспалы мағынадағы истиараның негізгі екеу арасындағы қарым-қатынас (муғамалат) мысалындағы «хақиқи алыс-беріс» сөзінен алынған. Ол деген – кейбір адамдардың екінші біреулерден бір затты айырбастап алуы. Бірі екіншісінен затты пайдалануға алатын-

дай таныстығы болғанда ғана айырбас жүзеге асады. Ал егер екеуінің арасында таныстық себеп болмаса, онда бір-бірінен еш нәрсені де пайдалануға сұрап алмас еді. Өйткені бір-бірін танымайды. Бұл қағида сөздерді бір-бірінің орнына қолдануда да жүреді. Екі сөздің арасындағы байланыс, яғни бірінің мағынасының екіншісіне ауысуы, құдды екі тұлғаның бір-бірінен бір затты пайдалануға алуына себеп болған таныстық сияқты», – дейді (Абдуләзиз Атик, 1985: 168).

**Құрандағы истиара.** Кейбір жағдайда да сөйлемде берілген сөзді тура мағынасында түсінуге болмайды, бірақ қолданыстағы мағынаға саятын немесе сай келетін мағынаны аламыз. Құран Кәрімде истиара молынан кездеседі. Мысалы, ﴿الرَّكَابُ أَنْزَلْنَاهُ إِلَيْكَ لِتُخْرِجَ النَّاسَ مِنَ الظُّلُمَاتِ إِلَى النُّورِ بِإِذْنِ رَبِّهِمْ إِلَى صِرَاطٍ الْعَزِيزِ الْحَمِيدِ﴾ [ابراهيم: 1] «Әлиф Ләм Ра. Бұл кітапты Алланың рұқсатымен адамдарды қараңғылықтан жарыққа, әрі үстем, әрі мақтауға лайық болған жолға шығаруың үшін біз саған түсірдік». Мұнда тілдік ауыспалы мағынада қолданылып тұрған екі сөз – «қараңғылық» пен «жарық». Қараңғылық – адасушылық, жарық – туралық пен иман. ﴿تُخْرِجَ النَّاسَ مِنَ الْكُفْرِ وَالظُّلُمَاتِ إِلَى﴾ («الإيمان كالنور») «Адамдарды қараңғылық секілді күпірліктен нұр секілді иманға шығару үшін». Демек, «қараңғылық» сөзі «адасушылықтың» орнына қолданылып тұр, өйткені бұл екі сөзде де туралықтың жоқтығына ұқсас байланыс бар. Сол сияқты «жарық» сөзі «туралық» пен «иман» сөздерінің орнына пайдаланылып, екеуінің арасындағы ұқсастықты меңзейді. Мұндағы негізгі мағынаны қалауына кедергі болатын қал қарина контекстен түсініледі. Сондықтан бұл астарлы қолданыс – тасрихия, яғни ашық астарлап айту истиара

тасрихия деп аталады.

Кей жағдайда образға негіз болатын заттың, құбылыстың тура атауы берілмей, сол құбылыс көрсететін бір белгі берілуі арқылы образ жасалады. Мұндай жағдайда сөйлемде қолданылған сөзді тура мағынасында түсінуге болмайды. Өйткені ол екінші басқа мағына беріп тұрады. Мысалы, ﴿فَبَشِّرْهُم بِعَذَابٍ أَلِيمٍ﴾ [Ал عمران: 12] «Оларды ауыр азаппен сүйіншіле». Әдетте «сүйіншіле» сөзі жақсылыққа қолданылады. Ал аяттағы «сүйіншілені» жақсылыққа емес, жамандыққа айтып тұр. Мұны біз оған тіркескен «азаппен» деген сөзден түсіне аламыз. Сондықтан бұл астарлы қолданыс – *мәкния*, яғни жасырын астарлап айту истиара мәкния делінеді. Бұл мысалдардан байқағанымыздай, бейне, яғни «мустабар минһу» (образ) түсіріліп, оның бөлігі болған бір нәрсемен оған белгі беруін «жасырын истиара» дейміз. Әдебиет зерттеушісі Қ. Жұмалиевтің теңеу мен метафора айырмашылығының бір көрінісі ретінде «теңеуде теңелетін нәрсе мен теңейтін нәрсенің екеуі де ұдайы қарама-қарсы тұрса, метафорада ұқсастығы бар нәрсенің бір жағы қалып қоюы мүмкін. Бірақ контекст бойынша ол нәрсені оқушы қиялы арқылы түсіне алады» деген ғылыми тұжырымы араб ғалымдарының осы жасырын истиараға берген қағидасына дөп келеді (Жұмалиев Қ. 1960: 364).

**Истиара мәнде қолданылған сөз туынды есім немесе етістік болады.** ﴿وَلَمَّا سَكَتَ عَنْ مُوسَى الْغَضَبُ أَخَذَ الْأَوَّاحَ﴾ [الأعراف: 451] «Мұсаның ашуы басылғанда, тақтайларды қолына алды». Бұл аяттың мағынасы түсінікті, онда Мұсаның (Алланың оған сәлемі болсын) ашуы тарқауын үндемей қалумен теңеген. Аяттағы «سَكَتَ» етістігі – «مَسْتَعَارٌ» қолданылып тұрған сөз. Ал «مَسْتَعَارٌ لَهُ» –

оны пайдалануға алушы нәрсе, «سَكَتَ» сөзі – «انتهاه الغضب» («ашуы тарқауы») сөзінің орнына пайдалануға алынған сөз. «مَسْتَعَارٌ مِنْهُ» – «تُجْبِرُ السَّكُوتَ», ол аятта пайдалануға беруші болады. Яғни «سَكَتَ» етістігі осы түбірден шыққан. Истиара табғия әдісімен «тынышталды» етістігі «тарқады» мағынасында берілген.

Келесі аятта ﴿فَتَحَا وَنَجَنِي وَمَنْ مَعِيَ مِنَ الشُّعْرَاءِ﴾ [الشعراء: 81] «Мені мен олардан арамызды ашып, мені мен менің қасымдағы иман келтіргендерді құтқара гөр». Мұндағы ашудың мағынасы «үкім ет» дегенді білдіреді. Нұх пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Раббысынан өзіне құлақ аспаған қауымымен арасын ашып, үкім етуін сұрап жалбарынады. Бұл истиара табғия (Али әс-Сабун, 2001: 387).

Сондай-ақ ﴿وَإِخْفِضْ لَهُمَا جَنَاحَ الذَّلِّ مِنَ الْإِسْرَاءِ﴾ [الإسراء: 42] «Ол екеуіне кішірейіп мархамат қанатын жай». Мұндағы «الذَّلَّ» «кішірею» сөзі құспен теңеліп тұр, «құс» сөзінің орнына предмет «кішірею», «бағыныштылық» негізгі жасырын истиара жолымен қолданылған, кейін, «құс» сөзі түсіп, оның қанаты арқылы оған белгі беріп тұр.

Қазақ тіліндегі «құс қанаты», «қанатсыз құспен тең», «қос қанатым» сөз тіркестері осыған мысал бола алады. Сондай-ақ поэзия тіліндегі:

Болғанда сен аспанның аққу құсы,  
Сұңқардай соңынан қуып қанат қақтым (Қ. Аманжолов).

Бұл өлең жолында құс қанаты истиарамен (метафора) берілген.

**Киная (метонимия)** – қажетті мағынаны білдіру үшін айтылған жасырын, тұспал сөз, сонымен қатар тура мағынада да қолдануға болады. **الكنایة (Метонимия)** – айтылған сөздің тура мағынасын емес, ауыспалы мағынасын мақсат

ете отырып, тыңдаушыға жеткізу әдісі. Әрдайым ауыспалы мағынада жұмсалады. Соның өзінде кемінде екі мағынаны да қамтуы мүмкін. Біреудің ісінің дұрыс еместігін түсіндіру үшін «бармағыңды тістеп қалма» деп киная әдісімен жеткізеді. Сондай-ақ «беті қызарды», «шаң жуытпайды» сөз тіркестері метонимия әдісінен болады. Абдул-Қаһир әл-Журжанидың анықтамасы бойынша «Киная – сөйлеуші бір мағынаны көздеп, бірақ ол мағынаны білдіретін сөзді айтпай сол мағынаға жақын келетін сөздер арқылы тіптен бүтін мәтін негізінде астыртын емеурінмен жеткізуі». (Басиуни Абдул Фатах Қуйуд, 1996: 391) кинаяның алдыңғы үш түрден (ташбиһ, мурсал, истиара) басты айыр-машылығы, мұнда сөздердің лексикалық және ауыспалы мағыналары бір-бірімен шын мәнінде байланыспайды. Поэтикалық сөз қолданыстарында кемеңі теңіздің қызы *ابنة النيم*, жыланды құмның қызы *ابنة الرمل*, соғысты шаңның анасы *أم غص الأنامل* *өкінішті саусақ тістеу* *القنطل* деп т.с.с. білдіреді. Осындай көркемдік кереметіне байланысты тіл ғалымдары кинаяны көркемдік құралдардың ең шешен түрі деп есептейді.

**Құрандағы киная.** Ол адам бала-сына тән өкініш, қуаныш, қорқыныш, жомарттық, сараңдық және т.б. көңіл күй қасиеттерді бейнелеп атауда сенімді қолданылады. Әсіресе Қиямет күнінің зұлмат жағдайларын бейнелеуде Құран тілі кинаяға жиі жүгінеді. Мысалы, *﴿وَيَوْمَ يَغْصُ الظَّالِمُ عَلَى يَدِيهِ﴾* [الفرقان: 72] «Қиямет күні залымдар саусақтарын тістейді». Аятта «саусақты тістеу» дегеннен түсінілетін бірінші нәрсе – өкіну сипаты. Бұл аят адамдардың өкінуін киная әдісімен меңзеп тұр. Залымдар пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) ілесуді тастағаны үшін қиямет күні өкініште болады (Таһа Мұхаммед Абдулфаттах,

43 :9102).

Келесі аятта: *﴿وَأُحِيطَ بِثَمَرِهِ فَأَصْبَحَ يُقَلِّبُ كَفَّيْهِ عَلَى مَا أَنْفَقَ فِيهَا وَهِيَ خَاوِيَةٌ عَلَى عُرُوشِهَا وَيَقُولُ يَا لَيْتَنِي لَمْ أُشْرِكْ بِرَبِّي أَحَدًا﴾* [الكهف: ٢٤] «Оның жемістері жойылды да ол оның жолында жұмсаған шығынына алақандарын аударып, ал ол (жемістері) тіректерінде құлап жатты, «Әттең-ай! Раббыма ешкімді серік қоспасам еді!» – деді. Көршісіне өзінің байлығының көптігімен мақтанып, дандайсыған бақша иесі Құдайдың қаһарына ұшырап, бағынан бір күнде айырылады. Осы аятта оның өкініші «алақандарын аудару» арқылы бейнеленді.

Сипатын айтып, сипатталушы нәрсені жасырын келтіруіне мысал; *﴿وَحَمَلْنَاهُ﴾* «Біз оны (Нұх пайғамбарды) тақтайлар мен шегелердің иесіне мінгіздік». Мұндағы «тақтайлар мен шегелердің иесі» деп отырған нәрсе – кеме. Мұнда жер бетін топан су басқан кездегі асау толқында жүзетін кемең болмысы бар болғаны жай тақтайлар мен шегеден жасалған болса да Құдайдың құдіретімен аман-есен болғаны меңзеліп тұр. Бұл бейнелеу қазақтың адамды «ет пен сүйектен жаралған» деп айтатынына мағыналас сияқты.

Араб риторикасында метонимия әдісі арқылы келесі аят келген *﴿وَقَالَتِ الْيَهُودُ يَدُ اللَّهِ مَغْلُولَةٌ﴾* [المائدة: ٤٦] «Яһудилер: «Алланың иәді байлаулы» дейді». *﴿وَلَعِنَا﴾* «осы сөзді айтқандығы үшін оларды қарғыс атсын! Расында Алланың иәді ашық», бұл аяттардағы «يَدُ» «иәд» сөзі – сөздің тура мағынасын емес астарлы мағынасын мақсат ете отырып тыңдаушыға жеткізу әдісі. Әрдайым ауыспалы мағынада жұмсалады (Омаров М.А., 2022: 55). Икритма былай дейді *﴿وَقَالَتِ الْيَهُودُ يَدُ اللَّهِ مَغْلُولَةٌ﴾* деп яһудилік Наххас ибн Азураидің және оның серіктерінің (Алла-

ның лағынеті болсын) малы көп болған, Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлығын жоққа шығарған кезде, олардың малы азаяды. Сонда олар: «Расында, Алла сараң, Оның иәді бізге беруден тосылған», – деп айтты (Құртуби, 2016: 81). Әл-Әлуси өзінің «рухул мағани» еңбегінде мұндағы «иәд» сөзі нығмет мағынасында деп түсіндіруге тырысқан. Хақ тағала Құран Кәрімде «يَا أَيُّهَا الْمُسْلِمُونَ» «Керісінше, Алланың иәді ашық», – деп баяндайды. Фахруддин әр-Рази тәпсірінде Иаһудилердің «Алланың қолы жабық» деп айтуларымен, сарандықты киная тәсілі арқылы жеткізуде. Алла тағала олардың сөздеріне сай «керісінше, Алланың иәді жайылған», – деп жауап берді. Яғни Алла тағала сендер сипаттағандай сарандардан емес. Керісінше Алла – кемел, жомарт» (Рази, 2000: 46), – деп тәпсірлейді.

#### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Құран – Алла Тағала XIV ғасыр бойы адамзат баласына сақтаған қасиетті сөзі. Бұл – рухани-адамгершілік құндылықтардың қайнар көзі және бақытты өмірге арналған нұсқаулық. Құран аяттарын ұстану мұсылмандардың діни өмірінің ажырамас бөлігі және рухани өзін-өзі жетілдірудің қайнар көзі болып қала береді. Бұл – Алла Тағаланың шексіз даналығы және бүкіл адамзатқа деген қамқорлығы. Алайда бұл құндылықтарды айқындау – Құран мәтіндерін құқықтық, теологиялық, пәлсапалық тұрғыдан жан-жақты талдау арқылы ғана мүмкін болады. Сондықтан исламның алғашқы күнінен бастап, қазіргі таңға дейін Құран және хадис мәтіндерін дұрыс түсіну мәселесі күн тәртібінен түскен емес (Құрманбаев Қ., 2018: 108).

Құран Кәрім Алла Тағала тарапынан түскен заматта түп тамыры байырғы ара-

бтар болғандықтан, алғашқы мұсылмандар ана тілінің ерекшеліктерін жақсы білді, тіпті Құран Кәрімді өздерінің немесе көрші тайпаның диалектісінде де оқи алатын. Сондай-ақ олар көптеген Құран әңгімелері мен бұйыру, тыйым салу сынды түзетулермен байланысты оқиғалардың куәгері болды. Сахабалар қандай да бір аят мағыналарын түсінуде қиындық туындаған уақытта әрі бір нәрсені дұрыс түсінбеген кезде адамзаттың Ұлы ұстазы – Алланың елшісіне (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сұрақ қою арқылы білетін. Сондықтан исламның алғашқы кезеңінде Құран аяттарын түсінуде Алла елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына мағыналы мәтіндерді сөзімен интерпретациялауы, ісімен нақтылауы жеткілікті еді. Бұған қарамастан Құран Кәрім аяттарының оқу принциптерін тұжырымдау қажеттілігі, жеткізу және түсіндіру сахабалардың дәуірінде-ақ пайда болды. Сахабалар дәуірінен кейінгі кезеңдерде тәпсір кітаптары жазылып, Құран ілімінің тәпсір ғылымы қалыптасты. Осы тұста Құран мәтіндеріне қате интерпретация жасалуы, Құран мәтінін бұрыс түсінуі діни-саяси топқа бөлінуіне алып келді. Осыдан кейін сөз өнерінің жалпы қағидалары мен заңдылықтары туралы алғашқы трактаттар мен еңбектер жарық көре бастады. Сөйтіп, араб тіліндегі сөз бейнелерінің зерттелуі ежелгі араб ойшылдарының риторика төңірегіндегі ой-пікірлерінен бастау алды.

X-XI ғасырларда лексика саласында алғашқы еңбектер жарық көре бастады. Бұған дейін тілді теориялық зерттеу еңбектері тек грамматикалық құбылыстарды сипаттаумен шектелді.

Бұдан басқа риторика негізінде сыни көзқараста жазылған Әбу әл-Хасан Әли ибн Абдүләзиз әш-Шәһир Қазы әл-Жур-

жанидың (к. 366 h.) «әл-Уасата бәйна Мутанабби уа хусумиһи» атты кітабында метафораны терең-деп оқып, оны теңеудің (تشبيه بليغ: علم نور) тек қана образ бен предметінен тұратын тәшбиһ-бәлиғ (Ілім нұр) түрінен ажырата қарастырды. «Метафораның ерекшелігі, оның кеңейтіліп те, өзгертіліп те айтылатындығында, яғни онымен сөздерді әшекейлеуге болады, өлеңді де, қара сөзді де әсемдейді...» (Қоди Журжани, 1996: 319).

Ибн Жиннидің «әл-Хасаису» атты кітабы алғаш рет тіл біліміндегі сөз бен мағынаның байланысы, сөзжасамдық құрылым, тілдегі ұқсастық пен аномалияның рөлі сынды жалпы және арнайы мәселелерге тоқталды.

Әбу Һиләл әл-Хасан ибн Абдулла ибн Сәһл әл-Асқаридің (к. 395 h.) «әс-Синағатайни: әл-Китәбә уә әш-Шигр» атты кітабы риторика ілімін егжей-тегжейлі зерттеп көрсетеді. Бұл еңбегінде автор әл-Жәһиздің «әл-Бәйан уа әт-Табиин» кітабының өзіне көп әсер еткенін жасырмайды.

Ал әл-Жәһиз стилистика іліміне қатысты «илм әл-баян», «التشبيه» (теңеу), «الإستعارة» (метафора), «الحقيقة» (тура), «المجاز» (ауыспалы мағына), «الكناية» (метонимия) тақырыптарында бұрын айтылмаған ескертулер, тұжырымдар мен түрлі мысалдар, яки тілдік бірліктер (мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, мысалдар, афоризмдер) келтіріп, олардың бір-бірінен айырмашылығын көрсете білді, мәжәзды әмсалға синоним ретінде қолданды және оны тура мағынаға қарсы қойды (Жәһиз, 1993: 10).

Әбу Бәкір Абдулқаһир ибн Абдулрахман әл-Журжания (к. 471 h.) үлкен грамматик әрі тіл білімі ғалымдарының бірі болған және баян (стилистика) теориясының негізін қалады.

Бұл ілімнің маңыздылығы бүгінгі күн тәртібімізден де түскен емес, осыған орай, зерттеліп отырған тақырып «Бәләғә ілімі» атты араб тілі риторика ғылымына арналып, қазақша оқулық ауқымында қарастырылуда. Осы уақытқа дейінгі ізденістер бакалаврлық, магистрлік дәрежелерді алуда пайымдалды.

### Қорытынды

Құран мәтіндерді және оның мазмұнын интерпретациялау — лингво-семантикалық әдіс-тәсілдер мен ережелерге негізделген. Діни мәтіндердің мағынасы, мәнмәтіні көп қатпарлы келуі себепті әртүрлі ұғынылып, әрқилы интерпретацияланады. Себебі араб тіл табиғатына, оның мазмұндық құрылымдық жүйесіне эпитеттік мағына, метафоралық мағына, метонимиялық мағына, синекдохалық мағына, ауыспалы мағына секілді лексикалық семантикалар тән. «Мәтін мазмұнын жүйелі зерделеу үшін оның семантикалық кеңістігін барлау кейде нақты деректермен, нақты мағынамен жетіп эксплицитті мән таңбаланса, кейде ауыспалы мағынамен, астарлы сипатталып, имплицитті мән таңбалаынады» (Құрманбаев Қ., 2018: 119).

Ислам дінінің негізгі қайнары араб тілінде болғандықтан грамматикалық қағидаларын, сөйлем мен сөздерде ауыспалы және тура мағыналардың қолданылуы секілді риторикалық ерекшеліктерін жетік меңгеру керек. Демек, риторика ғылымын білетін адам Құран экзегетикасын, хадис методологиясын, ислам теологиясы мен құқығын терең меңгеруге ықпалы үлкен. Құран мәтіндерін түсіну-де риторика ғылымының бір бөлігі болған стилистика ілімі маңызды. Араб тіліндегі стилистика әдісі арқылы көрінетін көркемдік әлемдерін зерттеу арқылы мынадай нақты қорытындыға

келуге болады. Стилистика ілімін зерделеуде – Құран аяттарындағы әрбір сөз қарастырылып, олардың мағынасының тарылуы мен ұлғаюы, өзгеруі, активтенуі не көмескіленуі секілді көптеген ерекшелік ескеріліп, мағыналық құбылысы сараланды. Саралану барысында аяттағы көпмағыналық пен мағына қарама-қайшылығы орын алған жағдайда негізгі көзделген мағына стилістикалық пен мақсаттық факторлар басшылыққа алынып қол жеткізілді.

Бұл зерттеу мақаламыздың барысында араб және қазақ тілінің көркемдік өрнектерінің ұқсастығы, олардың әдеби-дәстүрлері ортақ екендігі байқалады. Бұл екі халық астарлы сөздің байыбына терең мән беріп, сөз саптауды этникалық мәдениеттерінің құрамдас бөлігі ретінде дамытқан. Араб риторика ғылымындағы сөз бейнелерін жасайтын тәшбиһтің қазақ тіл ғылымындағы көркемдегіш-бей-

нелеуіш арқылы көркем ойлау жүйесін беретін теңеуге сәйкес келеді.

Араб тіліндегі мажаз әдісі мен қазақ шешендік өнеріндегі сөздің ауыспалы мағына (синекдоха) қолданысын бір құбылыс ретінде қарастырсақ болады.

Араб риторикасының истиара категориясы қазақ шешендік өнеріндегі айшықтау амал-дарының бірі метафорамен сәйкес келеді. Истиарада да, қазақ тіліндегі метофарада да белгі, теңеу құралдары кездеспейді.

Араб риторикасындағы әл-киная термині қазақ шешендік өнеріндегі метонимия әдісімен сәйкес келеді. Метонимия тәсілі – бөлшектің орнына бүтінді астарлап, тұспалдап қолдану әл-кинаядағы сипатты жасыру, сипатталушыны жасыру немесе осы екеуінің арасын дәнекерлеушіні жасыру мағынасында қолданылады.

### Әдебиеттер

1. Куделин А.Б. Средневековая арабская поэтика. – М.: Наука, 1983. – С. 3-4.
2. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 2-т. – 364 б.
3. Құрманбаев Қ. Хусам ад-дин әс-Сығанаки еңбектеріндегі «Усул әл-фиқһ» ілімінің лингвистикалық негіздері. – Алматы: Мұнара, 2018. – 332-б.
4. Мәдібаева Қ.Қ. Абайтану: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 166-б.
5. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы, 1966. – 190-б.
6. Қожабекова Ш.Б. Қазақ және араб тілдеріндегі поэтикалық сөз-образдар: фил. ғыл. докт. ...дисс. – Астана, 2009. – 133-б.
7. Омаров М.А. Құран Кәрімді түсінудегі риторика ілімінің рөлі. бакалавр ...дип. – Алматы, 2020. – 60-б.
8. Омаров М.А. Муташабиһ аяттар мен хадистердегі семантикалық және теологиялық аспектілер. магистр ...дисс. – Алматы, 2022. – 77-б.
9. طه محمد عبد الفتاح جادو. تسهيل البلاغة للمبتدئين. عمان: دار غيداء للنشر و التوزيع 2019. 160 ص.
10. بسيوني عبد الفتاح قيود. من بلاغة النظم القرآني. القاهرة: مطبعة الحسين الإسلامية، 1996. – 430 ص.
11. محمد علي الصابوني. صفوة التفاسير. ج 2. بيروت: دار المعرفة. 1997. – 610 ص.
12. محمد بن أحمد بن أبي بكر القرطبي. الجامع لأحكام القرآن. بيروت: دار الرسالة العالمية،

2016. - ج 8. - 507-ص.  
13. أبو الحسن علي بن عبد العزيز الشهير قاضي الجرجاني. الوساطة بين المتنبي وخصومه. بيروت: دار الفرات، 1996. - 600ص.  
14. أبو عثمان عمرو بن بحر الجاحظ. البيان والتبيين. بيروت: دار الكتب للملايين، 1993. - 468ص.  
15. محمد علي الصابوني. صفوة التفاسير. ج 3. بيروت: دار المعرفة. 1997. - 520ص  
16. عبد العزيز عتيق. علم البيان. بيروت: دار النهضة العربية، 1985. - 230 ص.  
17. أبو عبيدة معمر بن المثنى. مجاز القرآن. بيروت: دار الفكر، 1984. - 788 ص

### References

1. Kudelin A.B. Srednevekovaia arabskaia poetika. – M.: Nauka, 1983. – S. 3-4.
2. Zhumaliev K. Kazak adebieti tarihyynyn maseleleri zhane Abai poeziasynyn tili. – Almaty: Kazahstyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1960. – 2-t. – 364 b.
3. Kurmanbaev K. husam ad-din as-Syganaki enbekterindegi «Uaul al-Fikh» iliminin lingvistikalik negizderi. – Almaty: Munara, 2018. – 332-b.
4. Madibaeva K.K. Abaitanu: oku kuraly. – Almaty: Kazak universiteti, 2013. – 166-b.
5. hasanov B. Kazak tilinde sozderdin metaforaly koldanyly. – Almaty, 1966. – 190-b.
6. Kozhabekova Sh.B. Kazak zhane arab tilderindegi poetikalik soz obrazdar: fil. gil. doktr. ... diss. – Astana, 2009. – 133-b.
7. Omarov M.A. Kuran Karimdi tusinudegi ritorika iliminin roli. bakalavr ...dip. – almaty, 2020. – 62-b.
8. Omarov M.A. Mutashabih aiattar men xadisterdegi semantikalyk zhane teologialik aspektiler. magistr ...diss. – Almaty, 2022. – 77-b.
9. Toha Muxammad Abdulfattah Zhadu. Tashilu al-balagati lil-mubtadina. – Amman: daru gaidai linashr ua at-tauzig, 2019. – 160-b.
10. Basiuni Abdulfattah Kaiudi. Min balagati an-nizavi al-Kuran. – al-Kahira: Matbugatu al-husni al-islam, 1996. – 430-b.
11. Muxammad ibn Ahmad ibn Abubakr al-Kurtubi. Al-Zhamigu li-Ahkam al-Kuran. –Bairut: Daru ar-Risalati al-Alamia, 2016. – 8-t. – 507-b.
12. Muhammad Ali as-Sabuni. Sofuatu at-Tafasir. – Bairut: Daru al-Magrifa, 1997. – 2-t. – 610-b.
13. Abu al-hasan Ali ibn Abdulaziz ash-shahir Kadi al-Zhurzhani. al-Uasatatu baina al-Mutanabbi ua husumuhu. – Bairut: Daru al-firat, 1996. – 600-b.
14. Abu Usman Amr ibn Bahr al-Zhahiz. al-Baian ua at-Tabiin. – Bairut: Daru al-Kutub lil-malain, 1993. – 468-b.
15. Muhammad Ali as-Sabuni. Sofuatu at-Tafasir. – Bairut: Daru al-Magrifa, 1997. – 3-t. – 520-b.
16. Abdulaziz Atik. Ilmul al-baian. – Bairut: Daru an-nuhdati al-arabia, 1985. – 230-b.
17. Abu Ubaida Muammar ibn al-Musanna. Mazhazu al-Kuran. – Bairut: Daru al-Fikr, 1984. – 788-b.